



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 41 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2012 жылғы 2 қараша

*«Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан
«Павлодар», «Атырау», «Ақтау» ескерткіш монеталарын
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы 2 қарашадан бастап «Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан номиналы 50 теңгелік, нейзильбер коспасынан жасалған «Павлодар», «Атырау», «Ақтау» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Павлодар», «Атырау», «Ақтау» ескерткіш монеталарының бет жақтарындағы бейнелері бірдей. Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Жоғарғы бөлігінде ою-өрнекті сегіз бұрышты розетка, төменгі бөлігінде – ұлттық ою-өрнек элементі. Номиналдың оң жағында «ҚҰБ» деген аббревиатура орналасқан. Айналдыра шығыңқы жиек жүргізілген.

«Павлодар» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Павлодар қаласының гербі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

«Атырау» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Атырау қаласының гербі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

«Ақтау» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Ақтау қаласының гербі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

Монеталардың бет жағындағы және сырт жағындағы суреттер мен жазулар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.



Монеталар «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 23 мм, массасы – 4,71 грамм, әрбіреуінің таралымы – 50 мың дана.

Номиналы 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсініктемесі

Ескерткіш монеталар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында дайындалған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Әрбір атаудағы ескерткіш монеталардың бір мың данасы жақсартылған сапамен дайындалды және арнайы пластикалық термовакуумды ораумен сатуға арнап шығарылды.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны +7 (727) 273-83-98.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39, +7 (727)330-24 -52; E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz